For citation: Iskakova A.T., Kurmankulova G.E., Gromaszek K., Togzhanova K.O., Algozhayeva R.S. (2026). Application of machine learning and deep learning for predictive planning and resource efficiency in production systems // International journal of information and communication technologies. Vol. 7. No. 27. Pp. 30–45. https://doi.org/10.54309/IJICT.2026.27.3.002. (In Kaz.).

Conflict of interest: The authors declare that there is no conflict of interest.

ӨНДІРІС ЖҮЙЕЛЕРІНДЕ БОЛЖАМДЫ ЖОСПАРЛАУ ЖӘНЕ РЕСУРСТАРДЫ ҮНЕМДЕУ ҮШІН МАШИНАЛЫҚ ЖӘНЕ ТЕРЕҢ ОҚЫТУДЫ ҚОЛДАНУ

А.Т. Искакова[1]*, Г.Е. Курманкулова[1], К. Громашек[2], К.О. Тогжанова[3], Р.С. Алгожаева[3]

[1]Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан;
[2]Люблин технологиялық университеті, Люблин, Польша;
[3]Алматы технологиялық университеті, Алматы, Қазақстан.
E-mail: iskakova.1977@mail.ru

Искакова Айнур — Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Жасанды интеллект және Big Data» кафедрасының 2-курс докторанты, Алматы, Қазақстан
E-mail: iskakova.1977@mail.ru, https://orcid.org/0009-0008-4138-2240;
Курманкулова Гульжан — п.ғ.к., доцент м.а., Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Жасанды интеллект және Big Data» кафедрасы, Алматы, Қазақстан
https://orcid.org/0000-0003-1172-2394;
Громашек Конрад — т.ғ.д., профессор, Люблин технологиялық университеті, Люблин, Польша

This work is licensed under a Creative Commons Attribution-NonCommercial-NoDerivatives 4.0 International License

https://orcid.org/0000-0002-3265-3714;
Тогжанова Кульжан — PhD, қауымдастырылған профессор, «Ақпараттық жүйелер» кафедрасының меңгерушісі, Алматы технологиялық университеті, Алматы, Қазақстан
https://orcid.org/0000-0003-1962-844X;
Алғожаева Райхан — «Ақпараттық жүйелер» кафедрасының сеньор-лекторы, Алматы технологиялық университеті, Алматы, Қазақстан
https://orcid.org/0000-0003-1575-5425.

© А.Т. Искакова, Г.Е. Курманкулова, К. Громашек, К.О. Тогжанова, Р.С. Алгожаева

Аннотация. Өндіріс орындарын цифрландыру және интеллектуалды цех құрылғылары мен бағдарламалық жүйелерді өндірісті басқару жүйелерінде (ӨБЖ) бірлесе қолдану, қолжетімді деректердің күрт өсуіне әкелді. Кәсіпорындардың үлкен деректерден құнды ақпараттарды алу және пайдалы түсініктеге қол жеткізу дәрежесі өндірісті оңтайландыратын және ресурстарды қорғайтын басқару жүйелерін құруда шешуші фактор болып табылады. Машиналық оқыту және үлкен деректер технологиялары барған сайын кең таралуда және жоспарлау мен басқарудың бірнеше маңызды салаларында қолданылуда. Бұлтты өндіріс бұл технологияларды нақты уақыт режимінде қолдануға мүмкіндік береді, енгізу және орналастыру шығындарын азайтады. Осыған байланысты, бұл мақалада бұлтты ортада объект туралы ақпараттарды және оны оңтайландыруды қамтамасыз ету үшін машиналық оқыту тәсілін қолдану қарастырылады. Жұмыстың негізгі мақсаты - өндірістік орталерде ресурстарды тиімді басқару және жабдықтардың технологиялық параметрлерін предиктивті модельдеу арқылы жаңама түрде энергия тұтынуды оңтайландыру болып табылады. Зерттеу барысында уақыттық қатарларды болжауға арналған LSTM және CNN+LSTM негізіндегі гибридті модельдер ұсынылады. Ұсынылған тәсіл жабдықтың қызып кетуін алдын ала болжай отырып, апаттық тоқтауларды болдырмауға, энергия шығынын азайтуға және жоспарлау дәлдігін арттыруға мүмкіндік береді. Эксперименттік нәтижелер модельдің тиімділігін көрсетеді және оны нақты өндірістік ортада қолданудың перспективаларын дәлелдейді.

Түйінді сөздер: Cloud Manufacturing (CMfg), бұлтты есептеу, өндірістік процестер, IoT (Internet of Things), үлкен деректер (Big Data), машиналық оқыту (Machine Learning), терең оқыту (Deep Learning), LSTM, CNN+LSTM, predictive maintenance, интеллектуалды жүйелер, деректерді талдау, нақты уақыттағы мониторинг, цифрлық егіз (Digital Twin), өндірісті оңтайландыру

Дәйексөздер үшін: Искакова А.Т., Курманкулова Г.Е., Громашек К., Тогжанова К.О., Алгожаева Р.С. (2026). Өндіріс жүйелерінде болжамды жоспарлау және ресурстарды үнемдеу үшін машиналық және терең оқытуды қолдану // Халықаралық ақпараттық және коммуникациялық технологиялар журналы. Т. 7. No. 27. Б. 30–45. https://doi.org/10.54309/IJICT.2026.27.3.002. (Қаз. тіл.).

Мүдделер қақтығысы: Авторлар осы мақалада мүдделер қақтығысы

This work is licensed under a Creative Commons Attribution-NonCommercial-NoDerivatives 4.0 International License

жоқ деп мәлімдейді.

ПРИМЕНЕНИЕ МЕТОДОВ МАШИННОГО И ГЛУБОКОГО ОБУЧЕНИЯ ДЛЯ ПРОГНОЗНОГО ПЛАНИРОВАНИЯ И РЕСУРСОСБЕРЕЖЕНИЯ В ПРОИЗВОДСТВЕННЫХ СИСТЕМАХ

А.Т. Искакова[1]*, Г.Е. Курманкулова[1], К. Громашек[2], К.О. Тогжанова[3], Р.С. Алгожаева[3]

[1]Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан;
[2]Люблинский технологический университет, Люблин, Польша;
[3]Алматинский технологический университет, Алматы, Казахстан.
E-mail: iskakova.1977@mail.ru

Искакова Айнур — докторант 2 курса кафедры «Искусственный интеллект и Big Data», Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан
E-mail: iskakova.1977@mail.ru, https://orcid.org/0009-0008-4138-2240;
Курманкулова Гульжан — к.п.н., и.о. доцента кафедры «Искусственный интеллект и Big Data», Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан
https://orcid.org/0000-0003-1172-2394;
Громашек Конрад — д.т.н, профессор, Люблинский технологический университет, Люблин, Польша
https://orcid.org/0000-0002-3265-3714;
Тогжанова Кульжан — PhD, ассоциированный профессор, заведующая кафедрой информационных систем, Алматинский технологический университет, Алматы, Казахстан
https://orcid.org/0000-0003-1962-844X;
Алгожаева Райхан — сеньор-лектор кафедры «Информационные системы», Алматинский технологический университет, Алматы, Казахстан
https://orcid.org/0000-0003-1575-5425.

© А.Т. Искакова, Г.Е. Курманкулова, К. Громашек, К.О. Тогжанова, Р.С. Алгожаева

Аннотация. Цифровизация производственных предприятий и совместное использование интеллектуальных цеховых устройств и программных систем в системах управления производством (СУП) привели к резкому росту объёма доступных данных. Степень способности предприятий извлекать ценные знания из больших данных и получать полезные инсайты является ключевым фактором при построении систем управления, направленных на оптимизацию производства и эффективное использование ресурсов. Технологии машинного обучения и больших данных находят всё более широкое применение в различных областях планирования и управления. Облачное производство (Cloud Manufacturing)

This work is licensed under a Creative Commons Attribution-NonCommercial-NoDerivatives 4.0 International License

позволяет использовать эти технологии в режиме реального времени, сокращая затраты на внедрение и развертывание. В связи с этим в данной статье рассматривается применение подхода машинного обучения для обеспечения информационной прозрачности объекта и его оптимизации в облачной среде. Основная цель работы заключается в оптимизации энергопотребления в производственных системах косвенным путем – посредством эффективного управления ресурсами и предиктивного моделирования технологических параметров оборудования. В ходе исследования для прогнозирования временных рядов предложены гибридные модели на основе LSTM и CNN+LSTM. Предложенный подход позволяет предотвратить аварийные остановки за счет заблаговременного прогнозирования перегрева оборудования, снизить затраты энергии и повысить точность планирования. Экспериментальные результаты демонстрируют эффективность модели и доказывают перспективы ее применения в реальной производственной среде.

Ключевые слова: Cloud Manufacturing (CMfg), облачные вычисления, производственные процессы, IoT, большие данные, машинное обучение, глубокое обучение, LSTM, CNN+LSTM, predictive maintenance, интеллектуальные системы, анализ данных, мониторинг в режиме реального времени, цифровой двойник, оптимизация производства

Для цитирования: Искакова А.Т., Курманкулова Г.Е., Громашек К., Тогжанова К.О., Алгожаева Р.С. (2026). Применение методов машинного и глубокого обучения для прогнозного планирования и ресурсосбережения в производственных системах // Международный журнал информационных и коммуникационных технологий. Т. 7. No. 27. Стр. 30–45. https://doi.org/10.54309/IJICT.2026.27.3.002. (На каз.).

Конфликт интересов: авторы заявляют об отсутствии конфликта интересов.

Кіріспе.

Қазіргі заманғы өнеркәсіптік жүйелердің күрделене түсуі өндірістік ресурстарды басқарудың интеллектуалды тәсілдерін енгізуді талап етеді. Әсіресе энергия тұтынуды тиімді жоспарлау өндірістік шығындарды азайтып, технологиялық жабдықтардың сенімді жұмысын қамтамасыз етудің негізгі факторларының бірі болып табылады. Жабдықтардың электр энергиясын артық тұтынуы көбіне олардың механикалық тозуына, өндірістік жүктеменің теңгерімсіз бөлінуіне және технологиялық режимдердің бұзылуына байланысты болады. Осыған байланысты үлкен деректерді талдау және машиналық оқыту әдістерін қолдану өндірістік процестердегі жасырын заңдылықтарды анықтап, ресурстарды басқару тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Соңғы жылдары өндірістік процестерді интеллектуалды басқаруда Machine Learning және Deep Learning әдістері кеңінен қолданылып келеді. Әсіресе уақыттық қатарларды өңдеуге негізделген LSTM және CNN+LSTM модельдері өндірістік жабдықтардың күйін болжау, энергия тұтынуды талдау және ақауларды ерте анықтау міндеттерінде жоғары тиімділік көрсетуде. Сонымен қатар

This work is licensed under a Creative Commons Attribution-NonCommercial-NoDerivatives 4.0 International License

бұлттық есептеулердің (Cloud Manufacturing) және IoT технологияларының дамуы өндірістік жабдықтардан нақты уақыт режимінде үлкен көлемдегі деректерді жинауға және өңдеуге мүмкіндік береді. Дегенмен қолданыстағы зерттеулердің басым бөлігі жеке міндеттерді ғана қарастырып, ресурстарды басқару, энергия тиімділігі және жабдық күйін болжауды бірыңғай интеллектуалды жүйеде біріктіруге жеткілікті көңіл бөлмейді.

Осы зерттеудің мақсаты–өндірістік ортадағы технологиялық жабдықтардың температуралық режимін болжау негізінде ресурстарды тиімді басқаруға арналған интеллектуалды тәсілді әзірлеу. Ұсынылған әдіс IoT сенсорларынан алынатын үлкен деректерді, Cloud Manufacturing архитектурасын және LSTM/CNN+LSTM негізіндегі терең оқыту модельдерін біріктіреді. Бұл өндірістік ресурстарды тиімді жоспарлауға, энергия тұтынуды оңтайландыруға, жабдықтардың жұмыс режимін бақылауға және ықтимал ақауларды алдын ала анықтауға мүмкіндік береді.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы Cloud Manufacturing, IoT және Big Data технологияларын терең оқыту модельдерімен кешенді біріктіру арқылы өндірістік ресурстарды интеллектуалды басқарудың жаңа тәсілін ұсынуында жатыр. Ұсынылған тәсіл нақты уақыт режимінде өндірістік деректерді өңдеп, жабдықтардың температуралық режимін жоғары дәлдікпен болжайды, ресурстарды адаптивті түрде қайта жоспарлауға және болжамды техникалық қызмет көрсету (Predictive Maintenance) механизмдерін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. LSTM моделі уақыттық қатарлардағы ұзақ мерзімді тәуелділіктерді тиімді анықтайтындықтан негізгі модель ретінде таңдалды, ал GRU, ARIMA, XGBoost және CNN+LSTM модельдері салыстырмалы бағалау үшін пайдаланылды.

Зерттеу барысында өнеркәсіптік жабдықтарға орнатылған IoT сенсорлары мен SCADA/MES өндірістік жүйелерінен жиналған нақты өндірістік деректер пайдаланылды. Эксперименттер жүргізу үшін осы деректер негізінде арнайы деректер жиынтығы қалыптастырылды. Жиналған ақпарат өндірістік процестердің нақты жұмыс режимдерін сипаттайды және ұсынылған модельдерді оқыту мен олардың тиімділігін бағалау үшін қолданылды.

Зерттеудің белгілі бір шектеулері бар. Ұсынылған модель нақты өндірістік деректер негізінде әзірленіп, тексерілгенімен, алынған нәтижелер қолданылған жабдықтың техникалық ерекшеліктері мен өндірістік процестің сипатына байланысты өзгеруі мүмкін. Сондықтан бұл тәсілді басқа өндіріс салаларында қолдану кезінде модельді қайта оқыту немесе жаңа деректерге бейімдеу қажет болуы ықтимал. Сонымен қатар болжау дәлдігі оқыту үшін пайдаланылған деректердің көлеміне, сапасына және толықтығына тікелей тәуелді. Сенсорлардан келетін деректердегі шу, жетіспейтін мәндер немесе өндірістік процестегі күтпеген өзгерістер модельдің жұмыс тиімділігіне белгілі бір деңгейде әсер етуі мүмкін. Осыған байланысты алдағы зерттеулерде әртүрлі өндірістік кәсіпорындардың деректерін пайдалану, модельдің тұрақтылығы мен сенімділігін арттыру, сондай-ақ оның әртүрлі өндірістік жағдайларда жалпылау мүмкіндігін жан-жақты бағалау жоспарланып отыр.

This work is licensed under a Creative Commons Attribution-NonCommercial-NoDerivatives 4.0 International License

Зерттеудің негізгі үлесі нақты уақыт режимінде өндірістік деректерді өңдеуге негізделген және үлкен деректер мен машиналық оқыту алгоритмдерін біріктіретін гибридті басқару тәсілін әзірлеу болып табылады.

Әдістер мен материалдар.

Зерттеу барысында өндірістік ортадағы ресурстарды ұтымды пайдалану және энергия тиімділігін арттыру мақсатында технологиялық жабдықтардың температурасын болжау міндеті қарастырылды. Кіріс деректері ретінде келесі параметрлер қолданылды: ағымдағы температура, өндірістік жүктеме, уақыт факторы және өндіріс көлемі.

Уақыттық қатарларды өңдеу үшін рекуррентті нейрондық желі – LSTM және гибридті модельдер өндірістік орталерде тиімді қолданылуда (Wang et al., 2020; Han et al., 2020). Бұл модельдер ұзақ мерзімді тәуелділіктерді тиімді анықтауға мүмкіндік береді.

Модельдің жалпы математикалық көрінісі төмендегідей:

$$y_t = f(x_t, x_{t-1}), \dots, x_{t-n}$$

мұндағы $\mathbf{x_t}$ – кіріс параметрлері, ал y_t – модельдің шығысы, яғни алдағы уақыт мезетіндегі болжанатын жабдық температурасы (°C).

Эксперименттік зерттеу жүргізу үшін өндірістік ортадағы технологиялық жабдықтардың SCADA/MES жүйелерінен және IoT сенсорларынан алынған мәліметтер негізінде арнайы деректер жиынтығы қалыптастырылды. Оның құрамына температура, вибрация көрсеткіштері, өндірістік тораптардың жүктемесі, энергия тұтыну деңгейі және уақыттық параметрлер енгізілді. Жалпы алғанда, деректер жиынтығы 12 000–нан астам уақыттық жазбаларды қамтыды.

Мәліметтерді жинау процесі алты ай бойы бес минуттық интервалмен жүргізілді. Ақпарат нақты уақыт режимінде өндірістік ортада орнатылған интеллектуалды сенсорлық модульдер мен бұлттық мониторинг платформасы арқылы алынды. Мониторинг жүргізу үшін DS18B20 және PT100 RTD температура сенсорлары, BMP280 қысым датчигі, ADXL345 акселерометрі, DHT22 ылғалдылық сенсоры және PZEM–004T энергия тұтынуын бақылау модулі пайдаланылды.

Сенсорлардың өлшеу диапазоны, дәлдігі және деректерді беру жиілігі зерттеу талаптарына сәйкес таңдалып, өндірістік жағдайды жоғары дәлдікпен сипаттауға мүмкіндік берді.

Өндірістік ортаның ерекшеліктері де ескерілді: үздіксіз жұмыс режимі, жабдық жүктемесінің өзгермелілігі, көпфакторлы технологиялық процесс және сыртқы орта әсерлері. Осы факторлар алынған деректердің күрделілігін арттырып, модельдің нақты өндірістік жағдайға бейімделуін қамтамасыз етті.

Алдын ала өңдеу кезеңінде деректер сапасын арттыруға бағытталған бірнеше қадам жүзеге асырылды. Атап айтқанда, жетіспейтін мәндер жойылып, кездейсоқ шуылдар сүзгіден өткізілді. Сонымен қатар Min-Max scaling әдісі арқылы нормализация жүргізіліп, LSTM моделіне қажетті уақыттық терезелер қалып-

This work is licensed under a Creative Commons Attribution-NonCommercial-NoDerivatives 4.0 International License

тастырылды. Ағындық деректерді агрегаттау да осы кезеңде орындалды. Бұл қадамдар модельдің тұрақты жұмысын қамтамасыз етіп, болжау дәлдігін арттыруға ықпал етті.

Зерттеудің сенімділігі мен қайта өндірілуін қамтамасыз ету үшін деректер 80% оқыту және 20% тестілеу жиынтықтарына бөлінді, бастапқы кездейсоқ мән (random seed) бастапқы мәндері бекітіліп, оқыту және тестілеу жиынтықтарына бөлу (train/test split) схемасы тұрақты түрде қолданылды және 5-fold cross-validation әдісі пайдаланылды. Барлық модельдер бірдей аппараттық ресурстар негізінде оқытылып, параметрлердің біріздігі сақталды.

LSTM моделінің параметрлері келесідей таңдалды: екі жасырын қабат, сәйкесінше 64 және 32 нейрон, белсендіру функциясы ретінде ReLU, оңтайландыру алгоритмі ретінде Adam қолданылды. Оқыту жылдамдығы (learning rate) мәні 0,001-ге, пакет өлшемі (batch size) 32–ге, ал оқыту эпохаларының саны 100-ге тең етіп орнатылды. Модельді оқыту барысында шығын функциясы ретінде орташа квадраттық қате (Mean Squared Error, MSE) қолданылды.

CNN+LSTM моделінде Conv1D сверткіш қабаты мен MaxPooling1D қабаты қолданылды. LSTM қабатындағы нейрондар саны 64–ке тең болды, dropout коэффициенті 0,2 ретінде таңдалды. Бұл модельде де оңтайландыру үшін Adam алгоритмі пайдаланылды.

Ұсынылған модельдердің тиімділігін бағалау үшін салыстырмалы талдау жүргізілді. Зерттеу барысында ұсынылған тәсіл ARIMA, XGBoost, GRU және CNN+LSTM сияқты кең таралған базалық алгоритмдермен салыстырылды. Салыстыру нәтижелері модельдердің болжау дәлдігін, тұрақтылығын және өндірістік процестерді талдау тиімділігін анықтауға мүмкіндік берді. Нәтижелер төмендегі кестеде көрсетілген.

Кесте 1. Модельдердің жабдық температурасын болжау дәлдігін салыстыру нәтижелері

Модель	MAE	RMSE	R^2
ARIMA	3.84	4.91	0.79
XGBoost	2.17	2.94	0.88
GRU	1.26	1.73	0.93
CNN+LSTM	0.97	1.51	0.95
Ұсынылған LSTM	0.84	1.42	0.96

Алынған нәтижелер ұсынылған модельдің дәстүрлі статистикалық әдістермен және басқа ML/DL модельдерімен салыстырғанда болжау дәлдігінің жоғары екенін көрсетті. Бұл оның өндірістік ортадағы технологиялық жабдықтардың температуралық режимін сенімді болжауға жарамды екенін дәлелдейді.

Нәтижелердің статистикалық тұрақтылығы модельді бірнеше рет қайта оқыту және кросс-валидация әдістерін қолдану арқылы тексерілді. Эксперимент қорытындылары бойынша нәтижелердің орташа ауытқуы 3–5% аралығынан аспады. Бұл ұсынылған тәсілдің сенімділігін, тұрақтылығын және практикалық

This work is licensed under a Creative Commons Attribution-NonCommercial-NoDerivatives 4.0 International License

қолдануға жарамдылығын көрсетеді.

Болжамды техникалық қызмет көрсету міндетін жүзеге асыру мақсатында технологиялық жабдық температурасының алдын ала белгіленген шекті мәннен (осы зерттеуде – 80°C) жоғары көтерілуі аномалиялық жағдай ретінде қабылданды. Ұсынылған модель мұндай аномалияларды алдын ала анықтауға және техникалық қызмет көрсету қажеттілігі туралы ескерту қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Нәтижелер және оларды талқылау.

Жүргізілген эксперименттер нәтижесінде ұсынылған модель өндірістік орталардағы жабдық күйін жоғары дәлдікпен болжай алатыны анықталды. Осы технологиялық болжамға сүйене отырып, өндірісті басқаруға қатысты бірнеше тиімді шешімдер қабылданды. Атап айтқанда, жабдықтың қызып кету қаупі алдын ала анықталып, өндірістік жүктеме уақыт бойынша қайта бөлініп, осылайша энергияны көп тұтынатын жабдықтар оңтайлы жұмыс режиміне көшірілді.

Энергияны үнемдеу көрсеткіші болжамды басқару жүйесі қолданылған және қолданылмаған жағдайдағы жабдықтың жалпы энергия тұтынуын салыстыру арқылы анықталды. Ұсынылған LSTM моделі жабдықтың қызып кету ықтималдығын алдын ала болжауға мүмкіндік берді. Соның нәтижесінде өндірістік жүктеме тиімді жоспарланып, технологиялық операциялар оңтайлы бөлінді, шектен тыс жүктемелер азайып, апатты тоқтаулардың алдын алу мүмкін болды. Алты айлық тәжірибе барысында энергия тұтынудың жабдықтың жұмыс режиміне қарай 10–25 % төмендейтіні байқалды.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, ұсынылған болжамды басқару тәсілі өндірістік жабдықтың жылулық режимін тиімді бақылауға және өндірістік жүктемені оңтайландыру арқылы энергия шығынын 10–25 % аралығында азайтуға мүмкіндік береді.

Ұсынылған архитектура (Сурет 1) интеллектуалды жүйені жобалау мен енгізудің толық функционалдық архитектурасын сипаттайды. Архитектурада деректерді жинау, алдын ала өңдеу, модельді оқыту, жүйеге енгізу және нақты уақыт режимінде нәтижелерді түзету кезеңдері біртұтас көпсатылы процесс ретінде көрсетілген.

Жүйені әзірлеудің бастапқы кезеңінде пәндік облысқа талдау жүргізіліп, шешілетін мәселенің негізгі шекаралары, функционалдық талаптары және қолдану сценарийлері анықталады. Осыдан кейін әртүрлі ақпарат көздерінен құрылымдалған және құрылымдалмаған деректер жиналып, олар кейінгі талдау мен модель құру процесінің бастапқы деректер қоры ретінде пайдаланылады.

Келесі кезеңде интеллектуалды басқару жүйесінің архитектурасы жобаланып, оның негізгі модульдері мен компоненттері арасындағы өзара байланыс қалыптастырылады. Осы архитектура негізінде CNN, LSTM сияқты машиналық оқыту мен нейрондық желілерге сүйенген модельдер таңдалып, жүйенің математикалық моделі жасалады.

Әзірленген модельдер бағдарламалық ортада іске асырылып, оқыту және тестілеу кезеңдерінен өтеді. Бұл кезеңде модельдердің дәлдігі, тұрақтылығы

This work is licensed under a Creative Commons Attribution-NonCommercial-NoDerivatives 4.0 International License

және жұмыс тиімділігі бағаланып, параметрлері оңтайландырылады. Кейін жүйе нақты өндірістік ортаға енгізіліп, деректер ағынын өңдеу және шешім қабылдау модульдерімен біріктіріледі.

Жүйенің келесі деңгейінде бейне немесе сигналдарды өңдеу жүзеге асырылады. Бұл интеллектуалды талдау процесінің маңызды бөлігі болып саналады. Алынған нәтижелер негізінде критикалық нүктелер анықталып, олардың маңыздылық деңгейі бағаланады. Егер қабылданған шешімдер қойылған талаптарға сәйкес келмесе, жүйе автоматты түрде қайта есептеу немесе параметрлерді түзету механизмін іске қосады.

Жалпы алғанда, ұсынылған архитектура деректерді көпсатылы өңдеуге, интеллектуалды талдауға және адаптивті басқаруға негізделген кешенді жүйенің құрылымын сипаттайды. Мұндай тәсіл қазіргі заманғы интеллектуалды басқару жүйелерінде, әсіресе өндірістік процестерді автоматтандыру мен цифрлық модельдеу саласында кеңінен қолданылады.

Берілген архитектура өндірістік жабдықтардың жағдайын бақылауға және predictive maintenance қағидалары негізінде алдын ала техникалық қызмет көрсетуді ұйымдастыруға арналған мониторинг жүйесінің интерфейсін көрсетеді. Жүйе нақты уақыт режимінде сенсорлардан келетін мәліметтерді тіркеп, оларды аналитикалық өңдеуге жібереді.

Интерфейсте температура, вибрация, қысым, электр тогы, жүктеме деңгейі сияқты негізгі технологиялық параметрлер көрсетілген. Бұл көрсеткіштер өндірістік жабдықтың ағымдағы техникалық күйін сипаттап, оның сенімділігін бағалауға мүмкіндік береді.


Төменгі бөлікте орналасқан графиктер параметрлердің уақыт бойынша өзгеру динамикасын бейнелейді. Температура мен вибрация көрсеткіштерінің трендтері жабдықтың қалыпты немесе ауытқулы режимдерін анықтауға көмектеседі. Мысалы, белгілі бір уақыт аралығында параметрлердің күрт өзгеруі жүйедегі артық жүктемені немесе ықтимал ақаудың пайда болуын көрсетуі мүмкін.

Жүйенің негізгі мақсаты — IoT технологиялары арқылы жиналған мәліметтерді орталықтандырылған түрде визуализациялау және машиналық оқыту алгоритмдеріне арналған бастапқы деректер қорын қалыптастыру. Осы деректер негізінде болашақтағы істен шығуларды болжау, ақауларды ерте анықтау және өндірістік процестердің тиімділігін арттыру жүзеге асырылады.

Осылайша, бұл жүйе интеллектуалды өндірістік мониторингтің бастапқы деңгейін сипаттайды және деректерді жинау, өңдеу және талдау тізбегінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

2-суретте модель жұмысына әсер ететін нақты уақыттағы IoT датчиктерінен алынған кіріс параметрлерінің көрсеткіштері берілген. Бұл параметрлер интеллектуалды жүйенің ағымдағы орта жағдайын талдауына және өндірістік процестердің күйін бағалауына мүмкіндік береді.

This work is licensed under a Creative Commons Attribution-NonCommercial-NoDerivatives 4.0 International License



Сур. 1. Өндірістік процестерді интеллектуалды басқару жүйесінің архитектурасы

Бұл зерттеуде аномалия ретінде өндірістік жабдықтың қалыпты жұмыс режимінен ауытқуы қарастырылды. Температураның технологиялық шекті мәннен жоғарылауы, вибрация деңгейінің күрт өзгеруі немесе энергия тұтынудың қалыпты диапазоннан шығуы ықтимал ақаудың белгісі ретінде бағаланды. Мұндай жағдайлар анықталған кезде жүйе алдын ала ескерту қалыптастырып, техникалық қызмет көрсету жұмыстарын жоспарлауға мүмкіндік береді.

This work is licensed under a Creative Commons Attribution-NonCommercial-NoDerivatives 4.0 International License



Сур. 2. IoT датчиктерінен нақты уақыттағы жабдық мониторингі

Атап айтқанда, температура көрсеткіші T=72,4°C мәніне тең, бұл жүйенің қалыпты жұмыс режиміндегі жылулық жағдайын сипаттайды. Сонымен қатар, жүйенің механикалық тұрақтылығын бақылау үшін маңызды болып табылатын вибрация көрсеткіші 1,85 мм/с мәнін көрсетіп тұр. Өндірістік ортаның акустикалық фонын бағалауға мүмкіндік беретін дыбыс деңгейі 65,8 дБ деңгейінде тіркелген.


Жабдықтың электрлік жүктемесін сипаттайтын электр тогының күші 4,21 А мәніне тең. Аталған параметр энергия тұтынуды тікелей сипаттайтындықтан, ақауларды ерте анықтауда негізгі рөл атқарады.

Осы кіріс параметрлері жүйеге нақты уақыт режимінде түсіп отырады және кейін машиналық оқыту модельдері арқылы өңделіп, өндірістік процестердің жағдайын болжау мен интеллектуалды басқару шешімдерін қабылдау үшін пайдаланылады.

Сурет 3-те ұсынылған LSTM моделінің жұмыс интерфейсі мен оның болжау нәтижелері бейнеленген. Интерфейстің төменгі бөлігінде жүйенің нәтижелік температурасы 71,8°C екені көрсетілген. Сонымен қатар жүйе күйі «НОРМА» ретінде белгіленген, бұл өндірістік жабдықтың қалыпты жұмыс режимінде жұмыс істеп тұрғанын білдіреді. Аталған блок жүйенің ағымдағы жағдайын бақылауға және басқару шешімдерін жедел қабылдауға мүмкіндік береді.

Бұл зерттеуде LSTM моделі уақыттық қатарлардағы ұзақ мерзімді байланыстарды тиімді үйрену қабілетіне байланысты таңдалды. Сонымен қатар ол өндірістік процестерге тән күрделі және сызықтық емес өзгерістерді сенімді түрде сипаттай алады. GRU моделі есептеу жағынан жеңіл болғанымен, күрделі динамикалық процестерді бейнелеуде LSTM-нің мүмкіндігі жоғарырақ. Transformer моделі үлкен көлемдегі деректер мен қуатты есептеу ресурстарын талап етеді, ал TCN көбіне тұрақты ұзындықтағы уақыт терезелерімен жұмыс істегенде тиімді нәтиже береді. Сондықтан өндірістік деректердің көлемі мен зерттеу мақсатын ескере отырып, LSTM моделі дәлдік пен есептеу күрделілігінің оңтайлы үйлесімін қамтамасыз ететін әдіс ретінде таңдалды.

This work is licensed under a Creative Commons Attribution-NonCommercial-NoDerivatives 4.0 International License



Сур. 3. Ұсынылған LSTM моделінің жұмыс интерфейсі

Осылайша, ұсынылған гибридті архитектурада Conv1D қабаты кеңістіктік ерекшеліктерді бөліп алса, LSTM қабаты уақыттық тәуелділіктерді модельдейді. Сондықтан бұл жұмыста «гибридті модель» ұғымы CNN және LSTM нейрондық желілерінің бір архитектурада біріктірілуін білдіреді.


4-суретте ұсынылған CNN–LSTM моделінің құрылымы берілген. Алдымен уақыттық қатарлар Conv1D қабатында өңделіп, маңызды белгілер анықталады. MaxPooling1D қабаты деректердің өлшемін ықшамдайды. Бұдан кейін LSTM қабаты уақыт бойынша тәуелділіктерді талдап, алынған ақпарат толық байланысқан Dense қабаттары арқылы өңделеді. Соңғы Dense(1) қабаты болжанатын көрсеткіштің мәнін шығарады. Бұл архитектура кеңістіктік ерекшеліктер мен уақыттық тәуелділіктерді қатар қарастыру арқылы болжау сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

MAE, RMSE және R^2 көрсеткіштері 5-fold cross-validation нәтижелерінің орташа мәндері ретінде есептелді.

Графикте регрессиялық модель нәтижелері уақыт бойынша трендтік болжам түрінде көрсетілген. Көк сызық нақты өлшенген мәндерді сипаттаса, жасыл сызық регрессиялық модель арқылы алынған болжам нәтижелерін көрсетеді. Графиктен жүйеде жалпы өсу тенденциясының байқалатынын және нақты деректер мен модель нәтижелерінің бір-біріне өте жақын орналасқанын көруге болады. Бұл модельдің болжау дәлдігінің жоғары екенін дәлелдейді.

Төменгі бөлікте модель сапасын сипаттайтын негізгі көрсеткіштер берілген. Атап айтқанда, 0,961 мәні модельдің сәйкестік коэффициентін (R^2) сипаттайды және модель нәтижесінің нақты деректерге жоғары деңгейде сәйкес келетінін көрсетеді. Орташа абсолюттік қате MAE = 0,84°C болса, RMSE көрсеткіші 1,42°C мәніне тең. Бұл нәтижелер модельдің тұрақтылығы мен сенімділігін растайды.

This work is licensed under a Creative Commons Attribution-NonCommercial-NoDerivatives 4.0 International License



Сур. 4. CNN–LSTM гибридті моделінің архитектурасы

Жалпы алғанда, ұсынылған интерфейс көпфакторлы деректерді өңдеуге, регрессиялық модельдер негізінде температура немесе энергия тұтыну динамикасын болжауға және нақты әрі болжамды мәндерді салыстыру арқылы жүйенің тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді. Мұндай шешім Big Data технологиялары мен интеллектуалды мониторинг қағидаларына негізделген өндірістік немесе энергетикалық басқару жүйесінің прототипі ретінде қарастырылуы мүмкін.

Cloud Manufacturing (CMfg) өндірістік ресурстарды бірыңғай бұлттық ортада біріктіріп, оларды тиімді басқаруға мүмкіндік береді. Бұл жүйе MES платформасымен ықпалдасып, өндірісті жоспарлау, техникалық қызмет көрсету және ресурстарды басқару процестерін қолдайды. Сонымен қатар жабдықтар, бағдарламалық қамтамасыз ету, деректер мен есептеу ресурстары Manufacturing-as-a-Service (MaaS) қағидаты бойынша қызмет ретінде ұсынылады. Осындай тәсіл өндірістік ресурстарды ұтымды пайдалануға, энергия тұтынуын оңтайландыруға және машиналық оқыту негізінде жабдықтың техникалық жағдайын алдын ала бағалауға мүмкіндік береді.

Бұлттық инфрақұрылым жасанды интеллект пен машиналық оқыту модельдерін енгізуді де жеңілдетеді. LSTM, CNN және гибридті CNN+LSTM модельдері үлкен көлемдегі өндірістік деректер негізінде оқытылып, нақты уақыт режимінде шешім қабылдау жүйелерінде қолданылады.

This work is licensed under a Creative Commons Attribution-NonCommercial-NoDerivatives 4.0 International License

Жүргізілген эксперименттер барысында бұлтты есептеу ресурстарын пайдалану деректерді өңдеу жылдамдығын арттырып, LSTM және CNN+LSTM модельдері болжау дәлдігін жақсартқаны анықталды. MAE және RMSE көрсеткіштері ұсынылған тәсілдің сенімді әрі практикалық қолдануға жарамды екенін растады. Сонымен қатар ұсынылған тәсіл өндірістік жабдықтардың ықтимал істен шығуын алдын ала болжауға, техникалық қызмет көрсету шығындарын азайтуға, өндірістік процестердің үздіксіздігін қамтамасыз етуге және ресурстарды тиімді басқаруға мүмкіндік береді. Алынған нәтижелер CMfg негізіндегі интеллектуалды бұлттық жүйелердің өндірістің цифрлық трансформациясында маңызды рөл атқаратынын көрсетті.

Қорытынды.

Ұсынылған шешімнің басты ерекшелігі — болжамды талдау, интеллектуалды ресурстарды басқару және бұлттық есептеу технологияларын бірыңғай цифрлық өндірістік ортада өзара байланыстыра қолдану мүмкіндігі. Бұл өндірістік орталардың тиімділігін арттырып қана қоймай, олардың сенімділігі мен икемділігін де күшейтеді.

Эксперимент барысында температура, вибрация және жүктеме сияқты негізгі технологиялық параметрлердің уақыт бойынша өзгерісі талданды. Нәтижесінде қалыпты және ауытқулы жұмыс режимдері арасындағы айырмашылықтар анық байқалды. Әсіресе көрсеткіштердің күрт төмендеуі немесе жоғарылауы жабдықтағы ықтимал ақауларды ерте кезеңде болжауға мүмкіндік беретіні дәлелденді.

Болашақ зерттеулер шеңберінде әзірленген гибридті модельдерді өндірістің өзге де технологиялық параметрлерін (мысалы, діріл деңгейі мен қысым аномалияларын) болжауға бейімдеу және бұлттық жүйенің киберқауіпсіздік деңгейін арттыру мәселелерін қарастыру жоспарлануда.

REFERENCES

Andronie M. et al. (2023). “Big data management algorithms, deep learning-based object detection technologies, and geospatial simulation in the Internet of robotic things”, ISPRS Int. J. Geo-Inf. — Vol. 12. — No. 2. — Pp. 35. [In Eng.].

Bai H. et al. (2025). “Energy optimization model for enterprise production based on deep learning” // Int. J. Computational Intelligence Systems. [In Eng.].

Ekwaro-Osire H. et al. (2025). “Manufacturing process energy consumption modeling” // Journal of Intelligent Manufacturing. [In Eng.].

Glücker P. et al. (2026). “Optimization of industrial energy systems for voltage support” // Computers & Chemical Engineering. [In Eng.].

Gunaratne M. et al. (2026). “A digital twins platform for digital manufacturing” // Electronics. — Vol. 15. [In Eng.].

Han M. et al. (2026). “Dynamic graph attention for industrial energy systems” // Journal of Energy Storage. [In Eng.].

Kougioumtzidis G. et al. (2025). “Deep reinforcement learning-based resource allocation for QoE enhancement in wireless VR communications” // IEEE Access. [In Eng.].

Le T., Vinh L. Q., and Pham V. H. (2025). “VR/AR robotics-assisted deep reinforcement learning for smart manufacturing” // Sensors. — Vol. 25. [In Eng.].

Lu Y. et al. (2026). “Energy-efficient job shop scheduling in renewable energy manufacturing” // Machines. — Vol. 14. [In Eng.].

Leon-Medina J. X. et al. (2025). “Forecasting energy demand in manufacturing: A data-driven approach”

This work is licensed under a Creative Commons Attribution-NonCommercial-NoDerivatives 4.0 International License

// Sensors. — Vol. 25. [In Eng.].

Madaminova B. et al. (2025). "Multi-objective optimization for energy efficiency and production scheduling using reinforcement learning" // Int. J. Industrial Engineering and Management. [In Eng.].

Morariu C., Morariu O., Răileanu S., and Borangiu T. (2020). "Machine learning for predictive scheduling and resource allocation in large-scale manufacturing systems" // Computers in Industry. DOI: 10.1016/j.compind.2020.103244. [In Eng.].

Scientific Reports. [In Eng.].

Tsai C. H. et al. (2026). "AI-assisted manufacturing execution systems for real-time production management" // Future Technology. [In Eng.].

Wang L. et al. (2022). "Augmented reality-assisted prognostics system based on deep learning for IoT manufacturing" // Sensors. — Vol. 22. [In Eng.].

Wang W. et al. (2026). "IoT-enabled AI framework using BiLSTM for eco-efficient production",

This work is licensed under a Creative Commons Attribution-NonCommercial-NoDerivatives 4.0 International License

INTERNATIONAL JOURNAL OF INFORMATION AND COMMUNICATION TECHNOLOGIES

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТТЫҚ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖУРНАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНЫЙ ЖУРНАЛ ИНФОРМАЦИОННЫХ И КОММУНИКАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ

Собственник:
АО «Международный университет информационных технологий» (Казахстан, Алматы)

Главный редактор:
Колесникова Катерина Викторовна

Ответственный редактор:
Мрзабаева Раушан Жалиевна

Компьютерная верстка:
Калабай Замзагуль Ертугановна

Сайт журнала: https://journal.iitu.edu.kz
ISSN 2708–2032 (print)
ISSN 2708–2040 (online)

Подписано в печать 30.09.2026.
050040 г. Алматы, ул. Манаса 34/1, каб. 709, тел: +7 (727) 244-51-09).

Издание АО "Международного университета информационных технологий"